

"2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезендегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету туралы" 2011 жылғы 28 наурыздағы N 94 Сырдария ауданы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 02 қарашадағы N 440 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 10 қарашада N 10-8-155 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 06 ақпандағы N 23 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012.02.06 N 23 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін еткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді қызметке шақыру туралы" N 1163 Жарлығына сәйкес Сырдария ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сырдария ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы N 94 "2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезендегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылдың 5 сәуірінде N 10-8-145 тіркелген, аудандық "Тіршілік тынысы" газетінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі N 31 шыгарылымында жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Көрсетілген қаулының 5-тармағында (М. Бисембаев келісім бойынша) сөздер (А.Досымов келісім бойынша) деген сөздермен ауыстырылсын.

2) Көрсетілген қаулының 1-қосымшасымен құрылған аудандық шақыру комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Кенжебаев Бекзат Хамзаұлы - "Қызылорда облысы Сырдария аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, комиссия төрағасы (келісім бойынша);

Жақып Еркебұлан Төлепбергенұлы - Аудан әкімі аппаратының бас маманы,

комиссия

төрағасының

орынбасары;

Даярова Салима Файзуллақызы - "Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының Сырдария аудандық кеңес беру диагностикалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының терапевт дәрігері, медициналық комиссиясының төрайымы (келісім бойынша).

көрсетілген аудандық шақыру комиссиясының құрамынан М. Сулейменов, Е. Әжікенов,

C.

Ерімбет

шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Әжікенов ке

жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

C. Тауипбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК